

# АЛДАТАУ

## Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№10(20) 8 наурыз 2024 жыл

### АНАЛАР - ӨМІРДІҢ ШУАҒЫ

Ардақты аналар! Жылдың ең қуанышты мезгілі көктемнің алғашқы мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер бір қолмен бесікті, екінші қолмен әлемді тербетіп, үйдің шаруасымен қатар жұмысты да үйлестіріп, биік жетістікке жеткен жандарсыздар! Еліміздің әр саласында жауапкершілікпен еңбек етіп, әрдайым кәсіби шеберліктеріңізді дәлелдеп, алға қойған мақсатқа жету жолында табандылық танытып, басқаларға үлгі-өнеге көрсеттіңіздер! Сонымен қатар өмірді сұлулыққа толтырып, жақындарыңызды жан жылулығы мен сәулелі сезімге бөлеп, ошақ басының дәстүрін сақтап келесіздер. Өйткені, ұрпақ бойындағы асыл қасиеттер ең алдымен ананың ақ сүтімен, мейірім махаббатымен, ұлағатты тәрбиесімен дариды.

Өміріміздің мәні болған ардақты аналар, қыз-келіншектер! Таусылмас төзімдеріңіз бен шексіз мейірімділік-

теріңіз арқылы, адамзаттың өмірін шұғылалы шуаққа бөлеп отырсыздар. Сондықтан, сіздердің білім мен ғылым, әдебиет пен өнер, ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп саласына қосқан зор үлестеріңіз бен еселі еңбектеріңіз үшін ризашылық білдіреміз.

Азамат баласына тән қасиетті, сүйіспеншілік пен іңкәрлік, сұлулық пен махаббат, қайырымдылық пен ақылдылықтың бар болмысын шынайы рухта бір бойына сіңіре білген ақ пейілді, дархан жүректі нәзік жандарға дүниедегі бар жақсылық атаулыны тілеймін. Баршаңыздың денсаулықтарыңыз мықты, отбасыларыңыз аман болсын! Әр шаңырақтың ырысы ортаймай, береке-бірлігі арта берсін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

**ЕРБОЛАТ ТҰРЫМБЕТОВ,**  
Алматы облыстық  
ардагерлер ұйымының төрағасы

### АНАМА

Анашым, жаның аппақ нұрдан ба екен,  
Жүректі шымырлатқан жырдан ба екен?!  
Мен дүниеге келгелі мына дүние  
Өзіңнен аумай қалған туған мекен.

Өзіне ұқсап кеткен қыр, алабым,  
Гүл теріп көбелегін қуаладым.  
Есімде...  
бәрі есімде сүрініп ап,  
Еңкілдеп етегінде жылағаным.

Тұнығы өзін екен нұр дегеннің,  
Нұрыңмен гүлің болып гүлдегенмін.  
Алпыс екі тамырың иігенде,  
Мейірімін Алланың бірге емдім.

Бітпесе де тірліктің әуресі мың,  
Жанымды тербетіп жүр тал бесігің.  
Анашым, көгімдегі Күнімсің ғой,  
Сол күннің мен бір үзік сәулесімін.

Басымда баян тапқан бақ аралым,  
Тірліктен осы менің қалағаным –  
Жарығың сөнбесе екен, Аналарым!  
Жарығың сөнбесе екен, балаларым!

Жаратқан сізге берген жарасымын,  
...Анашым, жүрегім ай,  
жан асылым!..  
Мен қайтіп өмір сүре алар екем,  
Үзіліп жерге түссе қарашығың...

### ҚЫЗ БҰРЫМЫНДАЙ ӨМІРІМ!

Жырымнан ізде даралық,  
Көктегі күн боп көрінген.  
Қыз бұрымындай таранып,  
Қыз бұрымындай өрілген.

Сезімім менің ол ыстық,  
Сыңғыры аумас шолпыдан.  
Қыз бұрымындай толықсып,  
Қыз бұрымындай толқыған.

Жырымның жанса жанары,  
Жан-дүниемнің әлемі.  
Қыз бұрымындай салалы,  
Қыз бұрымындай әдемі.

Күндер де зулап барады,  
Көктегі күндей көңілім.  
Үйлесім тапса жарады –  
Қыз бұрымындай өмірім!

**Мақпал МЫСА,**  
ақын.  
Қазақстан жазушылар  
одағының мүшесі

### Рубрика

## ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ ЖАСТАРҒА СЕРПІН БЕРМЕК

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жастардың қолында екендігін айта отырып, «Жастар тек қана біліммен қаруланып, еңбекке арқа сүйеу керек» деген болатын. Бүгінде Қазақстан жастары азаматтық қоғамның толыққанды, бастамашыл және жауапты субъектісіне айналды. Жастар үшін көптеген бағдарламалар іске асырылуда, жыл сайын мыңдаған жас мамандар, жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері өмірлік бастаудың жаңа мүмкіндіктерін алуда.



Жастарға қызмет көрсету және жастар бастамаларын қолдау мақсатында Кеген ауылында «Жастар ресурстық орталығының» ресми ашылуы өтіп, жастардың игілігіне берілді.

Тельманұлы, аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев және аудан тұрғындары қатысты.

Алғашқы құттықтау сөз Алматы облысының әкімі Сұлтанғазиев Марат Елеусізұлына берілді.

жағдай жасау, - деді облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

- Кеген өңірі жастарының басын бір арнаға тоғыстыратын орталықтың ашылғаны мені қуантады. Уақытын қалай тиімді өткіземін деп алаңдайтын жастар қатары азаяды деген сенімдемін. Жаңа ғимаратта жаңа жұмыстардың басталатыны, тың жобалардың қолға алынатыны белгілі. Заманауи жабдықталған орталықта жастар үшін барлық жағдай жасалған. Коворкинг орталық, кітапхана, жаттығу залы жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін тиімділігі зор. Ашылуына аймақ басшысы қатысып, жастарға сәттілік тіледі. Мұның өзі Кегендік жастарға жігер береді, - деген Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров жастар жұмысына сәттілік тіледі.

Кеген аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сабыр Досымбеков ақ бағасын беріп, Жастар ресурстық орталығының лентасын Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаровпен ауыл ақсақалдары қиды.

Мұнан соң, келген қонақтар

жаңа ғимаратқа бас сұғып, танысып шықты. Өңір басшысы мәжіліс залында аудан жастарымен кездесіп, пікірлесті.

Сәулеті мен салтанаты келіскен ғимарат жастарға қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, антикафе, интернет кітапхана, коворкинг, мәжіліс залы, жаттығу залы, психологиялық кеңес беру кабинеттері жұмыс істейді.

Айта кету керек, орталықтағы қызметтің барлығы ақысыз. «Бұл Кеген жастары үшін сыйлық деп білеміз. Кез-келген жас өзінің өмірде болып жатқан мәселесіне, жеке басына, қоғамдағы мәселелерге ұсыныс, пікірлерін орталыққа келіп білдіре алады. Біз жастармен бірлесіп, тығыз жұмыс істейміз», - дейді аудандық жастар орталығының жетекшісі Тоғжан Қанатқызы.

Қазақстанның жастары елдің басты байлығы. Еліміздің болашағы да жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылып отыр. Мемлекетіміздің нығая түсуіне мол үлес қосу үшін, жастар енді бұрынғыдан да белсенді болуы керек. Солай болады деп сенеміз.

**Дәурен ЕРМЕКБАЙ,**  
Кеген ауданы.



Орталықтың негізгі міндеттері: ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру, жастардың бастамаларын консультациялық сүйемелдеу және қолдау, жастар ортасындағы ахуалға талдау жүргізу және мониторинг жүргізу.

Іс-шараға Алматы облысының әкімі Сұлтанғазиев Марат Елеусізұлы, Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қамбаров Қайрат

- Белсенді жастар барлық салада бар және олар өз саласының негізгі күші, ертеңгі тұтқаулар. Бір қуанарлығы олар белсенді, ой-сана ауқымы кең және білімді. Олардың бойындағы буырқанған күш тек бір бағытқа - күнделікті жұмысты атқаруға ғана емес, елді, Отанды дамытуға үлес қосуға, жанаша ойлап, заманауи бастамалар көтеруге де негізделуі тиіс. Әрине аға ұрпақтың ізгі ісі-жастарға оң

### БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

#### ШАҢЫРАҚ ШЫРАҚШЫСЫ



2 бет

#### ҒАСЫР ЖАСАҒАН ӘЖЕ



2 бет

#### АҚЫН ЖҮРЕКТІ НӘЗІК ЖАН



3 бет

#### АБАЙДЫ ТАҢУ - ҰЛТТЫ ТАҢУ



4 бет



8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні

Ел анасы

# ШАҢЫРАҒЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Ақылия Бекбайқызы қаламгер ұстаз, Еңбекшіқазақ, Қарасай ауданының құрметті азаматы, «Асылым, ардағым», «Сөнбесін шырағын», «Қара қайрақ», «Сағынышым – Әбекем...» атты кітаптардың авторы. Ғасырдан-ғасырға жалғасқан ұлт дәстүрін, отбасы құндылығын, қара шаңырақтың қадір-қасиетін сақтап, дәріптеп отырған ғажап ана, дана әже. Шығармаларындағы осы мәселелер Қарасай ауданының бірқатар мектептерінде, колледждерінде насихатталып, «Мәдениетті ана - мәдениетті ұлт» жобасы аясында «Ұлы дала аналары» облыстық байқауының бас жүлдесін жеңіп алды. А.Бекбайқызы - Ел анасы атағының иегері.

Тұтас бір әулеттің ақылман әжесі, өз шаңырағының шырақшысы Ақылия Бекбайқызы туралы сыр айтудан бұрын оқырман назарын мына бір диалогқа аударғым келеді.

- Құлпы (Әбекеңнің әжесі). Қасиетінен айналдым, Қара шаңырақ. Бір әулеттің түп-тамыры, бақ-берекесінің ұйытқысысың сен. Сенің ошағыңның отын өшірмей, түтінін түзу етемін деп шарқ ұрдым. 37-нің қасіретінде жалғызымнан келген қара қағазды қан жұтқан жүрегімде 8 жыл сақтадым. Тіпті аяулы жары келініме де білдірмедім. Тым жас қой, немеремді ертіп жүре берсе, бір шаңырақтың күйрейтінін түсініп, бүтін бір әулеттен қалған жалғыз тұяқ-Әбенімнен айрылмадым. Замана зобалаңынан қорғап бақтым. Ал 41-дің қырғынында келінімді өз қолымнан ұзаттым да, бұғанасы қатпаған баладан Азамат жасадым. Әулеттің тұмары болған, бабаларының қолының табы қалған қасиетті қара қайрақты сақтап, өзіне табыстадым.

Ақылия. Қара шаңырақ, сенде қандай тылсым күш бар? Ошағыңның сөнуге айналған отын тұтатамын деп шарқ ұрдым. Тағдыр мені Әбекеңмен жолықтырғанда, оған тек жар ғана емес, шаңырағын өркен жайдырып, қайта жаңғыртатын рухани мықты медет керек екенін түсіндім. Ол әкесіз жетім, мен анасыз жетім, орны ойсыраған жетімдіктің орнын бір-бірімізге деген адал махаббатпен толтырып, тектілік тамыр жайған ошақтың отын бірге тұтаттық.

Рахима ана (Әбекеңнің анасы) Жалғыз жәдігерімді асқар тау-әкесі жоқ дегізбей, өзімнің тәрбиеммен емес, ұлтымның тәрбиесімен өсірдім. Ер баланы топқа салдым, көпке қостым. Түздің шаруасын жасаттым. Ұлтының бар құндылығын уызында қандырып, жүрегіне дархан даласына деген махаббатты ұялаттым. Намысы қайнап, жігері тасып тұратын.

Ақылия, сол жігерден, алып күштен мен сарқылмас қуат алдым, өшпес от алдым. Мен оған тәңірімдей табындым. Әрбір парасатты азаматтың артында ақылды да дана әйел тұрады десе, мен сол болуға өмір бойы талпындым. Қос қанаты - қос ұлымызды, қызғалдақ қызымызды дүниеге әкеліп, оларды өзіміздің тәрбиемізбен емес, ұлтымның тәрбиесімен өсірдік. Мен үш бірдей қасиетке - бабаларының көзі болған Қара қайраққа, ұрпағына қалған аманат Қара кездікке, қасиетті Қара шаңыраққа ие болдым.

Иә, Ене мен Келіннің бұл диалогы - Ақылия Бекбайқызының «Қара қайрақ» кітабының желісімен сахнаға қойылған мюзиклдің тобықтай түйіні. Өмірәлиевтер әулетінің ащы шындығы. Бастарынан қандай зұлматты кешірсе де, Қара шаңырақты шайқалтпай, ұрпағын қызғыштай қорыған қазақ аналарының құдіреті бойжеткеннің қара шаңырақ алдындағы парызын өмірінің ұраны етті. Қазақ үшін қара шаңырақ алтын дінгек екендігі, отбасы құндылығы, ұлттық тәрбие мәселелері автордың қаламынан туған «Асылым, ардағым», «Шырағың сөнбесін», «Қара қайрақ» сынды кітаптарының негізгі арқауы. Қаламгер ұстаз ұлт тәрбиесінің негізі адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы - отбасынан басталатынын, сыйластық, меймандостық, имандылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізгілік, мейірім, өнерпаздық, кісілік келбет, бәрі-бәрі осы кішкентай ғана Отнан бастау алатынын жан-жақты дәріптейді. Қасиетті қара шаңырақ өсіп-өнген ұрпақтың иіліп кіріп, именіп тұратын киелі мекені, тәу ететін қастерлі орны екенін бүгінгі ұрпаққа ұғындырады. Ұстаз ана ынтымақты, берекелі, жарасымды отбасылық өмірді насихаттауға бағытталған жүйелі жұмыстарында кітаптарының кеңінен пайдаланады.

Әр отбасының өз қара шаңырағы болады.



Бүгінде анамыз бабадан жеткен өз жұртының салт-санасын, әдет-ғұрпын күзетіп, өз шаңырағының төрінде, жарқын із, ғибратты тағылым қалдырған отағасының ісін жалғап отыр. «Алланың берген қуатына мың шүкір, менің өмірімнің мәні – әуелі отбасым, екінші ұстаздық. Отбасымда әулетімнің ендігі үлкені ретінде береке-бірлік, ынтымақтың ұйытқысы болуды басты парызым деп санап келдім, тірлігім де солай бола бермек» - дейді ана «Сағынышым - Әбекем...» естелігінде. Отбасынан тамыр алып тараған, өсіп-өнген ұрпағының бас қосатын киелі орны осы шаңырақ. Атаулы күндерде, қазақтың мерекелері айт, наурызда барлығы қадамын қара шаңырақтан бастап, ұл-қыз, немере, шөберелер әженің ақ дастарқанының басынан табылады. Балалары жұма сайын қара шаңыраққа иіліп сәлем беріп, ата-бабаға құран бағыштайды. Бұл үйдің ешкімге ұқсамайтын өз отбасылық дәстүрлері мен заңдылықтары бар. Соның бірі-тәрбиелік мән мен рухани дән болған кітапты қадір тұту, оқу.

Ойдың заманнан озуы, тілдің тас жаруы, ақылдың қыр асуы тек қана кітапты көп оқығанның деп ұғынған отағасы Әбен аға отбасылық кітапхана жасақтап, әлемдік көркем туындылардың жауһарларын жиган. Оларды немерелерімен бірге оқуды, одан әрі талдап, пікірлесуді дәстүрге айналдырған. Бұл игі істі ақылман апайымыз одан әрі жалғап, кітапхананы байытумен келеді. Бір шаңырақтың мұражайы іспетті бұл бөлмеде әулет тарихы тізіліп тұр. Кітап оқу кісілікке, кемелдікке, кеменгер көргендікке

тәрбиелейтінін ұрпағының санасына сіңірген анамыз кішкентай шөберелеріне Абай мұраларын аманаттап, олардың атына қолтаңбасын қалдырып отыратынын көргенде, келешек ұрпағын кітап оқуға, Абай тереңіне бас ұруға, зерттеп - зерделеуге шақырып отырғанын көріп таң қаласың. Ертенгі ұрпақ асыл әженің аманаттаған қазынасынан неге нәр алмасқа деген ойға келесің.

Өмір көрген, өріс көрген үлкендермен бас қосу - бір ғанибет қой шіркін. Олардың бір ауыз сөзінің артында тұтас бір тарих тұрғандай, ал ары мен ұяттың жалауы тәріздес ақ жаулығы көп сырды аңғартқандай. Сән мен салтанат тұнған кең залдағы тәрбиемен астақан дастарқанның иесі Ақылия апайдың асынан ұлтымның иесі аңқып тұрды десем, артық айтқандық емес. Қарыңа салынған май өз уысының пішінімен тәрелкеде тұр. Жұп-жұқа, қытырлап тұрған шөлпегі қандай. Ал ақ ірімшік салынған хрусталь ыдысын көтеріп ап, әрқайсысымызға сала жүріп, бұл асты данышпан Абай сүйіп жегенін, оның дайындау тәсілін айта жүргені тіпті керемет. Осылайша жылы-жұмсағын, тәтті-дәмдісін бабына келтіріп жасап, ауызашарға келгендерге құрақ ұшты. Мөлдіреген сорпасы, артынша балбырап піскен қазы-қарта, жал-жаясы бәрі-бәрі ақ анамыздың баяу, әуезді үнімен айтылған әңгімесімен желініп жатты. Ғасырлармен сүрленген дала дәмін бүгінге дейін сақтап, оны дастарқанында дәріптеп отырған ананың бұл тағы бір қыры.

«Адам алдымен Аллаға құлшылық етіп, бойындағы бар білімін, өзіндегі бар қасиетті біреуді үйретуге жұмсаса, сонда адам дер едім. «Өзім үшін өмір сүрем, біреу үшін емес», дейтіндерге түбегейлі қарсымын. Өмірге енді қадам басқан, тәжірибесі жоқ бүгінгі жастарға үйреткеннен ләззат алам, рахаттанам, бұл менің өмірлік ұстанымым. Ұстаз ретінде заман көшінен қалмай, жаңа платформаларды да меңгеруім сондықтан, - дейді қария. Ұлт дәстүрін заңнан биік санаған ол салт-дәстүрлі ел - мықты, әрі тұғыры берік болатынын сөзімен де, ісімен де дәлелдеп келеді.

Бұл үйден береке-бірлікке табан тірескен әулет намысын ту еткен ынтымақты істі алға оздырған саликалы ұрпақ өсіп келеді. Өйткені мұнда жанұяның маздап жанған отын өшірмей, ата-ана үлгісін үкілеп, қара шаңырақтың қасиетін ұлт ұйытқысына айналдырып отырған ошақтың анасы отыр.

**В. ҚЫДЫРБАЕВА,**  
**Қаскелең қаласы,**  
**Абай атындағы мектеп-**  
**гимназиясы. Қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

Ғибратты сұмыр

# ҒАСЫР ЖАСАҒАН ӘЖЕ

Дала елінің өшпес мұрасын сақтап, ұрпағына дұрыс жолды мензеп, рухани бай болуына әкесімен бірге септігін тигізетін жанның бірі-Ана. Ана-дүниедегі алақаны аялы, балаға деген мейірімі ерекше жан. Адамзат ел келешегін ойлауға міндетті десе, отбасының түтінін түтетеу ұл мен қызға елін сүйетін, еліне қызмет ететіндей ұлттық құндылықтармен сусындатып өсіруді ата-ана міндетіне алған. «Көп білген кемегер емес, еліне пайда келтіретін кемегер» дегендей, бала тәрбиесінің салмағы ауыр болған.

Адам тәрбиесі-бір отбасының емес, қоғамның міндеті. Ендеше ұрпаққа рухани адамгершілік тәрбие беру мақсатында ауданның «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен аудандық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен республикалық «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» жобасының «Еліне азамат тәрбиелеу отбасы» бағыты бойынша Ұзынбұлақ ауылының «Ақбастау» Мәдениет үйінде «Өнегелі отбасының ұрпаққа айтары бар» атты 102 жасқа келген, жеті ұл, бес қызды өмірге әкеліп, тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, өсіп-өніп отырған Шортанова Күлпара Жуашқызымен кездесу кеші болып өтті.

Айтулы шараға Кеген ауданы-

ның әкімі Теңізбаев Нұрбақыт Молдахметұлы, Алматы облысының аналар кеңесінің төрайымы Жошыбаева Гүлнар Сағатқызы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Көнеева Бақытгүл Демжанқызы, Кеген ауданының «Ішкі саясат бөлімі» ММ-нің басшысы Қалқасев Еркінбек Нұрахметұлы, сонымен қатар, ауылдық округ аналар кеңесінің төрайымдары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аталған кеште ауылдық Мәдениет үйінің ішіне Күлпара әженің ұрпақтарының қолөнер көрмесі ұйымдастырылып, «Ғасыр жасаған әже» атты деректі фильм көпшілік назарына ұсынылды.

Жүргізушіліктің тізгінін белгілі ақын Аршын Нұрбақыт қолына алды. Алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев:

- Қайырлы күн! Қадырменді қауымы! Құрметті қонақтар! Құлық таудың бөктерінде орналасқан табиғаты әсем, таулы өлкеміз Ұзынбұлақ ауылына қош келдіңіздер! Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Өнегелі отбасының ұрпаққа айтары бар» атты 102 жасқа шыққан Күлпара апамызбен кездесу кешіміз құтты болсын! Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, «Өнегелі тәрбие беру-бәріміздің ортақ міндетіміз» демекші, арамыздағы қарияларымыз, апаларымыз жүзден асса да, ұрпақ алдындағы міндетінен жаңылған емес. Өмірден көріп-білген тәжірибелерін жас жеткіншектердің жүрегіне жеткізбек ниетте бір сәтке тыным таппай, әрбір жас ұрпақты имандылыққа, мейірім мен жауапкершілікке, отансүйгіштікке, еңбекқорлық қасиеттерді дарытуға бар күш-қуаттарын аямауда. Еліміз салт-дәстүріміз бен жоралғымызды, тарихымызды тасқа қашап жазып, келер ұрпаққа аманаттап отырған. «Өткенінді білмей, болашаққа қол соза алмайсың!» демекші, бүгінгі «Өнегелі отбасының ұрпаққа айтары бар» шара аясында әжеміздің өнегелі өмірі сөз болмақ. Күлпара апамыз-12 баланы өмірге әкелген ардақты ана. 1958 жылы «Ана даңқы» орденімен, 1965 жылы «Батыр ана» медальдарымен марапатталған. Осы өмір жолында балаларын тәрбиелеумен бірге, жастарды да тәрбиелеуге белсене араласты. Ендеше, ұлт руханиятын дамытудағы осындай игі шараларымыз көптеп өтіп, өскелең ұрпақтың бой-



ына сіңірудегі еңбектеріңіз еселене берсін! Күлпара апа, сізге деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Баршаңызға шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге жеміс, баянды бақыт тілеймін! - дей келе, Күлпара әженің иығына қамзол жауып, сый-сияпат көрсетті.

Өз кезегінде сөз алған Алматы облысы аналар кеңесінің төрайымы Жошыбаева Гүлнар Сағатқызы әжеміздің өнегелі өмірінен жастар ғибрат алу керек екендігін айтып, Күлпара Жуашқызына деніне саулық, отбасына амандық тіледі.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков пен Күлпара әженің көп жылдан бері араласқан көршісі Нұрипа Нұрғалиева әжеміз жайлы ойларымен бөлісті. Күлпара әженің шөбересі Исатай Шортанов ақын Қасым Аманжоловтың «Дариға, сол қыз!» әнін орындаса, Кәусар, Инжу, Мұрагер, Инқар, Нартай, Жанайым секілді шөберелері «Шеше, сен бақыттысың!», «Біздің әже», «Өлеңмен өрнектеймін!», «Әже мен шөбере», «Қос ана» атты әжелеріне арнаған өлеңдерін оқып берді.

Күлпара әженің ұл-қыздары Ма-

рат, Майданхан Такабаевтар тәрбиелік құндылықтар, әже мен әкешенің тәрбиесін алған ұрпақтар сабақтастығы туралы сөз қозғап, көпшілікке жылы лебіздерін білдірді.

Шараны аудандық аналар кеңесінің төрайымы Бақытгүл Көнеева қорытындылап, жиын соңы ақын Гафу Қайырбековтың «Ана туралы жыр» өлеңімен ұрпақтары Күлпара әжені ортаға алып, ән шырқады.

Бүгінгі таңда алтын құрсақты әжеміз 39 немере, 73 шөбере, 7 шөпшек сүйіп отыр. Әжеміз «Азамат атын асқақтату-әйелдің ғана қолында» деген қағидадан бір сәтке де айнымапты. Ұрпақтары ақ әжелерінің тәрбиелеп өсірудегі еңбегін үнемі мақтан етіп айтып отырады. Осы ұл-қыздарынан тараған ұрпақтар еліміздің әр саласында қызмет етуде. Олардың 10-ы ұстаздық жолда, 7-уі мемлекеттік қызметте, 4-уі экономика саласында, 4-уі дәрігер, 2-уі инженер, 4-уі архитектор, 5-уі жеке кәсіпкер, 1-уі журналист, 1-уі ғылым кандидаты болса, енді бірі қорғаныс саласында қызмет жасауда.

**Дәурен ЕРМЕКБАЙ,**  
Кеген ауданы





...Асыл жандар, шуақ болып шашылғандар

## АҚЫН ЖҮРЕКТІ НӘЗІК ЖАН

Жақиянова Алтыншаш Жұманқызы - ұстаз-ақын, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, көркем-публицистикалық жинақтардың авторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Алматы облысының мемлекеттік архиві Қонаев филиалының жеке қор иесі Алтыншаш Жұманқызы бүгінде 65 жасқа толып отыр.



Анашымның керзі етік аяғында, Су алады өзенді ояды да, иінағашы иығында... Толғақ қысып, мені тапқан қаңтардың аяғында...

- деп өзі жырлағандай Алтыншаш Жұманқызы 1959 жылы 30 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Майдантал кеңшарында дүниеге келіп, сәбилік, балалық шағын туған ауылында өткізіп, ХХ партсъезд атындағы орта мектепті бітірген. Бүгінде қазақ руханиятына өзіндік із қалдырған Алтыншаш Жұманқызының өлеңдері он жасынан бастап республикалық газет-журналдарда жарық көре бастаған екен.

Күдіретті сөз өнерін мұра тұтып, поэзия әлемін өміріне серік еткен Алтыншаш Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсіп, жақсы тәмамдайды. Тұрмысқа шыққан соң отбасылық жағдаймен Семей өңіріне қоныс аударады.

Онда да шығармашылығын үзбей, «Ақсуат арайы» газетінде

әдебиет және мәдениет бөлімінде қызметкер боп істеген. 1992 жылы Қапшағай өңіріне қоныс аударып, 1992-1996 жылдар аралығында Заречный ауылында № 9 Ахмет Байтұрсынов атындағы жаңадан ашылған қазақ мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген. 1996 жылдан бастап, зейнетке шыққанға дейін Қапшағай қаласындағы Д. Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ширек ғасыр ұстаздық қызмет атқарғанымен, өнер көшін поэзия ауылына біржолата шөгірген болатын.

Қаламгердің қаламынан «Жүрегімнің жұлдызы», «Арқабай шежіресі», «Жанымның нұры», «Сүмбіле» «Қапшағай толқынында туған жырым», «Қанат жайған Қапшағай» «Менің Мұқағалиым», «Алып тұлға және айдынды қала», «Құлыншақ», «Оныншы түлектер», «Бағдаршам», «Көңіл назы», «Самал лебіз», «Апа, сені сағындым» атты жыр жинақтары мен атты кітаптары жарық көрген.

Адам жанының нәзік перне-

лерін дөп басып шертетін ақын аяйымыздың шығармашылығының жемісі ретінде Қонаев қаласында үстіміздегі жылдың қаңтар айында «Жырдан тапқан бақытын...» атты әдеби кеші өтті. Шығармашылық кеште ақынның тот баспайтын, көнермейтін өлеңдеріне жазылған «Сағындым әже», «Асылым анам» «Қазақтың Қонаевы», «Жан асылым», «Өндерің-ай», «Көңілің қалды ғой менен», «Өнім сенсің Қапшағай», «Арманым болып кеттің сен», «Қапшағай вальсі», «Ұлыма», «Көктемде» әндер шырқалды. Оның өлеңдеріне Амангелді Нұрқасымов, Мұрат Сатов, Жанат Сәденов, Кентау Назарбек, Жекен Нұрсапин, өзінің ұлы Әділет Жақиянов, Гүлмира Сарина, Ерсайын Нарымбаев, Ержан Жүнісов сияқты әуесқой композиторлар ән жазған екен.

Алматы облыстық архивінің Қонаев қаласындағы филиалы жеке қор иесі Алтыншаш Жұманқызының құжат түпнұсқаларын, атап айтқанда қолжазба, газеттер, кітаптар, жеке суреттерін қолдана отырып көрме ұйымдастырады.

Мерейтой иесі Алтыншаш Жұманқызына тілегіміз өте көп. Қазақ ұлт руханиятының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Оның құндылығын жоғалтпаған рухты шығармалары туған халқына, өнер сүйер қауымға таусылмас асыл қазына беретініне біз кәміл сенеміз. Сіздей танымал тұлғаның шығармашылық құжаттарымен жеке қор иесі болғаныңызды мақтан етеміз.

**А. БАЗАРҚУЛОВА,**  
Алматы облыстық архивінің  
Қонаев филиалының  
директоры

## АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Қазақ-қариясын сыйлаған халық. Ежелден ақсақалдарды төрге шығарып, бата сұраған, оларды ақындар жырына қосып, амандығын тілеген. «Қарты бар үйдің қазынасы бар - демекші, былтыр Қарасай ауданындағы Райымбек ауылдық округіндегі қариялар мен аналардың басы қосылып, «Дариға-дәурен» ансамблі құрылған болатын. Бүгінде осы ансамбль мүшелері бос уақытытарында концерт қойып, сан түрлі маңызды шаралар өткізіп, ата-бабамыздан қан арқылы ұрпағына берілген, ұлтымыздың ерекше мәдениетін жастарға дәріптеуде.

Үстіміздегі жылдың 2 наурызында халықаралық әйелдер күніне орайластырылып, ансамбльдің тұсаукесер салтанаты болды. Бұл шараны ауылдық ақсақалдар кеңесі мен аналар кеңесі бірігіп ұйымдастырды. Салтанатты шараның бет пердесін Райымбек ауылдық округінің әкімі Ж.Базарбаев ашты. Ол осындағы барша аналарды 8-наурыз әйелдер күнімен құттықтап, «Дариға-дәурен» ансамблінің жұмысына сәттілік тіледі. Ауыл әкімі өз сөзінде жастарға тәрбие беріп, үлгі-өнеге көрсетіп, сонымен қатар ұлттық мәдениетімізді насихаттап жүрген ақ жаулықты аналардың қоғамдағы рөліне ерекше тоқталып өтті.

- Құрметті аналар, мейірімді әжелер, әдемі арулар әрқашан отбасыларыңыздың ажары, жүрген орталарыңыздың базары болыңыздар! Пәле-жала, жамандық атаулы келмесе кетсін, асыл да таза махаббат жүректеріңізден мәңгілік орын тепсін! Сүйікті жар, ардақты ана болыңыздар, дәулет, береке, байлық ауылына қоныс

қоныңыздар. Сіздерге дүниедегі барлық бақытты тілеймін!, - деп сөзін аяқтады ауыл әкімі Ж.Базарбаев.

Бұдан соң бар тіршіліктің тұтқасын ұстап тұрған аналар, мейірімді әжелер марапатталып, оларға шағын сыйлықтар табысталды. Ауған соғысының ардагері Б. Мулеинов Нұрдаулет Серғазықызы Жандыбаеваны, Бибі- Ажар Маханбетқызын, Құлағила Ниязбекқызы Барлықованы «Ана жүрегі» медалімен марапатталды. Қырғайылды қазақ орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскер-мұғалімі Перизат Қабдолданқызы Түстікбаеваға «Ыбырай Алтынсарин» медалі табысталды.

Реті келгенде осындай салтанатты кештің өткізілуіне демеушілік жасаған округ депутаттары мен кәсіпкерлерге алғыс айтып, ризашылық білдіреміз.

**Леміс ӘБДЖЕРІМОВ,**  
ауылдық ақсақалдар  
кеңесінің төрағасы.  
Қарасай ауданы

Благодарение

## В МИРЕ И СОГЛАСИИ

В канун Дня благодарности в библиотеке поселка Боралдай прошло мероприятие, приуроченное к новому празднику, отмечаемому с 2016 года. Организатором его выступил Совет женщин во главе с неутомимой активисткой Мархабой Каламбаевой, при поддержке коллектива библиотеки, заведующей детским садом «Балдаурен» Гульнар Аяпбергеновой. Присутствовали также заместитель акима поселка Айнура Танатар, председатель старейшин поселка Нурлан Шорманов.



На чашку чая пригласили боралдайцев, представляющих разный национальный состав поселка городского типа Боралдай, основанного в 1929 году, как разъезд возле новой Туркестано-Сибирской железнодорожной магистрали, построенной в период 1927-1930 гг. Это: татарка Саня Самигулловна Галиева, русские Мария Дмитриевна Малахова и Людмила Петровна Колоскова, еврейка Александра Абрамовна Шишкина.

В своих выступлениях все они с благодарностью отзывались о казахском народе, с которым бок о бок прожили в дружбе и согласии десятки лет. Мария Дмитриевна, например, уже разменяла вось-

мой десяток, родилась в селе КазЦИК и прекрасно владеет казахским языком. Саня Самигулловна спела песни на татарском и казахском языках. Александра Абрамовна коренная боралдайка, выразила благодарность всем на казахском языке. Ну а Людмила Петровна Колоскова, обладательница прекрасного голоса, исполнительница русских народных песен, великолепно спела казахскую песню писателя, философа, музыканта и композитора Абая Кунанбаева «Козімнің қарасы».

С поздравительными речами к собравшимся обратились заместитель акима поселка Боралдай А. Танатар и председатель совета ақсақалов

Н.Шорманов. Они отметили, что дружба народов Казахстана - это основа стабильности в обществе и развития государства.

Завершились душевные «посиделки» чаепием со сладостями и пением на разных языках. Ну, а неутомимая Мархаба аяп, в качестве подарков, вручила всем участникам древний казахский талисман-оберег - тумар с пожеланиями.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ**  
(по информации акимата п. Боралдай),  
Илийский район.

На снимке: мероприятие в библиотеке

Ризашылық



## АЛҒЫС АЙТУ-АСЫЛ ҚАСИЕТ

Округтегі аналар қоғамдық ұйымының төрағасы- Құлымбаева Гүлжан Дәуітқұлқызы мен оның орынбасары Алиева Чечек Тимуровнаның ұйымдастыруымен №20 орта мектепте 1-наурыз халықаралық алғыс айту күніне орай «Алғыс айту-асыл қасиет» атты мерекелік жиын болып өтті.

Мерекелік жиынды Ашыбұлақ ауылдық округінің әкімі-Оңалбаев Жасұлан Шерәліұлы сөз сөйлеп, ашып бұл мерекенің тарихы мен мәніне тоқтала отырып, жиналған көпшілікке және ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

Келесі кезекте, депортацияға ұшырап Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударылған басқа ұлт өкілдері Пете Ибрагимов, Арсен Мартрияян, Наджиба Халандарова, Зафира Маметова, Ася Чатуева, Валентина Шефер сөз кезегін алды. Олар сол кездегі қиын жағдайға қарамастан жергілікті қазақ отбасылары қолда барымен бөлісіп, үлкен көмек көрсеткендерін тебірене айтып жатты. Сондай-ақ, қазақ ұлтына деген шексіз құрметі мен алғыстарын жеткізді. Орыс диаспора өкілдері Татьяна Чернова және Надежда Радионовалар өз сөздерінде қазақ ұлтының кең пейілділігін атап көрсетті.

Арақідік жиналған көпшілік белгілі әншіміз Құштар Серіктің ән шашуына ризашылықпен қол соғып, қошемет көрсетіп отырды.

Ардагер ұстаз- Бейсенбаева Майра Жұмабекқызы мерекеге байланысты бүгінгі жиынды ұйымдастырушылар мен қатысушыларға өзінің алғысын білдірді.

Қорытынды сөз сөйлеген ауданымыздың құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы- Исаев Әмзе Әлдибекұлы: «Біздің мемлекетіміз 130- дан астам ұлт өкілдерінен тұратын көпұлтты мемлекет. Сондықтан, бұл мерекенің басты мақсаты: ұлт өкілдерінің бірлігі мен бір-біріне деген сый құрметін арттырып, шынайы достығын нығайту», - деп айта келе, мерекелік жиынға қатысушыларды бүгінгі алғас айту күнімен құттықтады.

Осы мерекелік жиынға қатысушылар жиынды ұйымдастырушыларға, атап айтқанда Гүлжан Дәуітқұлқызы мен Чечек Тимуровнаға және бұларға қолдау көрсеткен округ әкімшілігіне алғыстарын айтып, тарасты.

**Д. ЖАМАЛБЕКОВ,**  
Іле ауданы М. Түймебаев ауылы  
ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы



Қызықты деректер

8 НАУРЫЗ  
ТУРАЛЫ

Көктеммен бірге келетін ең шуақты мерекенің ауылы алыс емес. Арулар, асыл жандарға деп құшақ-құшақ гүл таситын, идеал өмірдің үлгісіндей болатын сол бір күннің келуіне көп қалмады деп жазады massaget.kz.

Осыған орай, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне қатысты қызықты деректер тізімін ұсынып отырмыз.

1. 1910 жылы Копенгаген қаласында өткен Халықаралық социалист әйелдердің конференциясында Клара Цеткин 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күні мерекесі етіп жариялауды ұсынды және де өз құқықтары мен теңдік үшін күресуге шақыратын үндеуін оқыды. Бұл үндеу дүниежүзінің көптеген елінің әйелдерінен қолдау тапты. Олар тек өз құқықтар үшін күресуді ғана емес кедейшілікке, еңбек ету құқығы мен ар-намыстың тапталмауына және де бейбітшілік үшін күресетіндерін білдірді.

2. Бұрын КСРО құрамында болған елдерде 8 наурыз мерекесінің символы болып мимоза гүлі есептеледі. Бірақ, шынтуайтына келгенде аталған мейрамды тойлайтын көптеген ел үшін Әйелдер күнінің символы – қызғалдақ.

3. Бұл мереке Ежелгі Римде де тойланған болып шықты. Олар да бұл күні нәзік жандыларға сый тартып, құттықтауларын жеткізеді екен. Әдетте мұндай құрметке билеушілердің жұбайлары ғана ие болған. Ал, құлдықтағы әйелдерге ресми демалыс тағайындалып отырған.

4. 1950 жылы 8 наурызда КСРО атом бомбасы бар екенін жариялады.

5. Капиталистік елдер 8 наурызды мереке деп мойындаған жоқ. Әлі де солай. Бірақ көп елде, атап айтқанда: Америкада – «Аналар күні», Францияда – «Әжелер күні», Жапонияда – «Қыздар күні» деген бар. Олар жаз айларында тойланады.

6. Қазір 8 наурыз Қазақстан, Армения, Әзірбайжан, Ауғанстан, Беларусь, Буркина-Фасо, Вьетнам, Гвинея-Бисау, Грузия, Замбия, Камбоджа, Қырғызстан, Кирибати, Қытай, Коста-Рика, Куба, Лаос, Мадагаскар, Молдова, Моңғолия, Непал, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түркіменстан, Уганда, Өзбекстан, Украина, Хорватия, Черногория, Эритрея, Латвия сынды әлем елдерінде аталып өтеді.

7. Мадагаскарда 8 наурыз күні тек әйел адамдар ғана демалады екен. Ал Қытайда мүлдем демалыс күні деп бекітілмеген. Бізде болса, бұл күн ресми түрде демалыс күні деп 1966 жылы жарияланды.

8. Аталған мейрам оны тойламайтын елдерде басқа мерекелерге сәйкес келеді. Мысалы, Сирияда 8 наурыз – Революция күні, Замбияда – Жастар күні, Малайзияда – Сұлтан күні, Либерияда – Соғыста бақилық болғандарды еске алу күні.

massaget.kz

Жастар және рухани құндылық

АБАЙДЫ ТАНУ – ҰЛТЫМЫЗДЫ ТАНУ

Егемен ел атанған алғаш жылдардың өзінде-ақ, республика бойынша біраз мектептер ашылды. Солардың бірі - Өтеген батыр кентінде орналасқан «Ай-нұр» жеке лингвистикалық гимназия - Балабақша кешені. 1999 жылы ірге көтерген бұл білім мекемесі ұрпақ тәрбиесінде елеулі еңбек сіңірген.

Жаңа форматтағы білім беру – заман талабы. Мұғалімдер тек өз пәнінің терең білгірі болуды ғана емес, сауаттылық, инновациялық тәсілдерді толық меңгеру мақсатта кәсіби деңгейін де көтеріп отырады. Гимназия жұмысының алға басуы бірінші басшыға тікелей байланысты. Білім ордасын 17 жылдан астам уақыт бойы басқарып келе жатқан «Ай-Нұр» жеке лингвистикалық гимназия - Балабақша кешенінің директоры Қасымова Зәмзәгүл Нұрмұхамбетқызының сіңірген еңбегі орасан зор. Искер маман әріптестерінің арасында өте беделді. Ізденуден бір сәт жалықпай еңбек етіп келе жатқан Зәмзәгүл Нұрмұхамбетқызы Қазақстан Республикасы жекеменшік білім ұйымдар Ассоциациясының Құрмет грамотасымен, Ыбырай Алтынсарин атындағы және Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған төс белгімен, білім саласындағы елеулі табыстары үшін облыс әкімінің грамоталарымен марапатталған. Астана қаласында 2016 жылы



ON-LINE режимінде өткен Республикалық «Білімді ел-мәңгілік ел» тамыз кеңесінің делегаты.

XXI ғасыр-ғылым мен білім дамыған заман. Заманның үрдісінен шығу үшін қойылар талап та жоғары. Оқушыға білім беруде біліктілік пен ұйымдастыршылық қабілеті маңызды. Ұстаздар қауымы



мұны іс жүзінде дәлелдеп жүр. Соның бірі гимназияда гуманитарлық пәндер арасындағы өткен онкүндік аясында қазақ тілі пәнінің мұғалімі Тойжанова Бақыт Балташқызының жаңа форматтағы сыныптан тыс «Абай – ұрпақ жүрегінде» атты әдеби кеші. Әдеби кеш өткен акт залының көрнекі құралдармен айшықты безендірілуі келген қонақтарды таңқалдырды. Абай атамның кітаптарынан кітап көрмесі қойылған. Сурет көрмесі де тақырыптың мазмұнын ашып тұр. Қабырғаға ілінген қанатты сөздер кім-кімге болса да үлкен ой салғандай. Әдеби кештің бір ерекшелігі-оқушылардың қатысумен Ұлы Абайдың өмірінен ұйымдастырылған «Тірі портреттер». Сахнада ұлы бабамыздың өмірінен төрт портрет суреттелген. Олар: «Бала Абай әжесімен», «Жігіт Абай ауыл адамдарымен», Татьянаның Онегинге жазған хатындағы «Татьянаның образы» және Абайдың «Махаббат лирикасы». Оқушылардың кәдімгі портрет сияқты еш қимыл-қозғалысыз образды шынайы бере білуі өте сәтті шыққан

Біреулерге болғанмен айдала, Басын иіп тәу етеді бар дана Ұлы Абайды дүниеге әкелген Құдіретіннен айналайын сардала, - деп басталған іс-шараның өн бойында слайд көрсетіліп тұрды. Оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа айту арқылы оның өміріне кеңінен талдау жасады. «Абай шәкірттерімен», «Абайдың анасы «Зере», «Абайдың ғашығы - Айкерім», «Табиғат лирикасы» (жаз, күз, көктем, қыс) тақырыптары бойынша сұрақ-жауапқа оқушылар қысқа да нұсқа жауап беріп, сабақты терең меңгергендіктерін көрсетті. Шығармашылық жарыста оқушылар екі топқа бөлініп Абайдың өлеңдері мен әндерін

рәп, әндетіп оқу, марш жанрында орындағандарының өзі өте сәтті шықты. Абайдың «Қарнағы түнде тау қалғып...» атты өлеңін оқушылардың қазақ, орыс, ағылшын тілінде шырқауы олардың көп тіл білетіндігін дәлелдегендей. Мұның өзі тәжірибелі ұстаз Бақыт Балташқызының тапқырлығын көрсетеді. 5-6 сынып оқушылары Егорова Вероника, Ким Владислав, Матагуллин Руслан сияқты оқушылар Абайдың қара сөздерін, табиғат лирикаларын мәнерлеп, таза қазақ тілінде айтуы да тартымды шықты.

Сыныптан тыс әдеби кеште Абай шығармаларындағы тәрбиелік мән-мағынасы терең адамгершілік мақсат-мұраттарын білдіретін ой-толғаныстары арнайы талданып, жаңа қырынан ашылады. Ұлы ақынның эстетикалық, этикалық, психологиялық, имандылық туралы айтқан нақыл, қанатты сөздері, ой айшықтары іріктеліп арнайы берілді. Білікті ұстаздың ақын мұрасын зерттеудегі тың ізденістері мен толғаныстары да оқушылар зердесіне тереңінен ұялағандай.

Оқушылар әдеби кеште Абай шығармаларының әлемнің көптеген тілдеріне аударылғандығын, оның ақындық талантына шет елдердің ақындары мен жазушылары, әдебиет сыншылары кеңінен үн қатқандығын айтты. Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезілетіндігін де оқушылар ақынның шығармаларын жатқа оқу арқылы шынайы жеткізе алды.

Иә, Абайды тану – ұлтымызды тану. Ол – қазақ ұлтының рухани өміріндегі толастамайтын мәдени саясаттың мүдделі және күретамырлы тақырыбы. Даналардың жан дүниесі мәңгілік танымдық тылсым. Абай ілімі – ұлтымыздың ұйған ақыл-ой парасаты, қазақ елінің адамзаттық парасат пайымына қосқан үлесі.

Абай атамның шығармашылығына арналған әдеби-музыкалық кештің мақсаты оқушыларды Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін, қара сөздерін мәнерлеп айтқызу болса, ұстазы да, оқушылар да диттеген мұраттарына жете алғандығын үш тілде өлең оқу, ән салу, слайд көрсету, тірі портреттерді жасау арқылы шынайы дәлелдеп шықты.

РАЙДАРБЕКОВА.